

ХАТТАМА №3 Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «Тәрбиенің алтын дінгегі – отбасылық құндылықтар»

Өткізілген күні: 08.01. 2026 жыл

Жиналыс түрі: ата-аналар жиналысы

Қатысқандар: Мектеп директоры, тәрбие орынбасары, Оқу оырнбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және ата-аналар

Күн тәртібі:

1. Оқушы қауіпсіздігі – ата-ана мен мектептің бірлескен міндеті
2. Жасөспірімдерді әлеуметтік желілердегі зиянды ақпараттардан қорғау – өзекті мәселе
3. Әлеуметтік осал топтағы балалармен жұмысты ұйымдастыру және бақылау

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Мектеп директоры А.Ертаева сөз сөйлеп, бала қауіпсіздігі – қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті. Білім беру ұйымы тек білім берумен ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға жауапты екендігі айтылды.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта (сағат 23:00-ден кейін) заңды өкілінсіз жүруіне қатысты заң талаптары түсіндірілді. Ата-аналарға баланың кешкі уақыттағы жүріс-тұрысын, қай ортада жүргенін, кіммен араласатынын тұрақты бақылау қажеттігі ескертілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Билялова мектепте жүргізіліп жатқан алдын алу жұмыстары туралы баяндады. Атап айтқанда:

- Профилактикалық әңгімелер;
- Рейдтік шаралар;
- Ювеналды полиция қызметкерлерімен бірлескен жұмыстар;
- Құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы кездесулер.

Сөйлегендер:

Әлеуметтік педагог Н.Алтенко ата-аналардың бала тәрбиесі мен қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігі туралы заңнамалық түсіндірме берді. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің талаптары таныстырылып, ата-ананың өз міндетін орындамаған жағдайда жауапкершілікке тартылатыны айтылды.

Құқықбұзушылықтың, қаңғыбастықтың, ерте жастағы зиянды әдеттердің алдын алу жолдары туралы түсіндірме жүргізілді

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Мектеп психологы Б.Мукушева жасөспірімдер арасында интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалының күшейіп отырғанын айтты.

Әлеуметтік желілерде кездесетін қауіптер:

- Суицидке итермелейтін топтар;
- Анонимді чаттар;
- Кибербуллинг;
- Экстремистік және теріс діни ағымдардың үгіт-насихаты;
- Онлайн алаяқтық әрекеттер.

Балалардың психологиялық осалдығын пайдаланатын топтар туралы ақпарат берілді.

Сөйлегендер:

Әлеуметтік педагог Н.Алтенко ата-аналарға баланың интернеттегі белсенділігіне жүйелі бақылау жүргізу қажеттігін айтты.

Ұсыныстар:

- Баланың әлеуметтік желідегі достар тізімін бақылау;
- Құпиясөздердің қауіпсіздігін сақтау;
- Интернетті пайдалану уақытына шектеу қою;
- Отбасында «ашық әңгіме» дәстүрін қалыптастыру;
- Күмәнді топтар туралы мектеп әкімшілігіне хабарлау.

Кибербуллинг белгілері (тұйықталу, үрей, сабақ үлгерімінің төмендеуі) түсіндірілді.

3-мәселе бойынша

Тындалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Билялова әлеуметтік осал топтағы балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есеп берді.

Мектепте төмендегі санаттағы оқушылар тіркеуде:

- Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар;
- Көп балалы отбасылар;
- Жартылай жетім және толық жетім балалар;
- Қамқоршылықтағы оқушылар;
- Әлеуметтік-психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылар.

Олардың тұрмыстық жағдайын зерделеу, үйге бару актілерін жүргізу, рейдтік қадағалау, психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Сөйлегендер:

Әлеуметтік педагог мектеп тарапынан көрсетілетін қолдау шараларын таныстырды:

- Тегін ыстық тамақпен қамту;
- Мектеп формасымен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету;
- Демеушілік көмек ұйымдастыру;
- Психологиялық кеңес беру;
- Қайырымдылық акциялары.

Ата-аналар тарапынан ұсыныстар беріліп, мектеппен тығыз байланыста болуға дайын екендіктері білдірілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Оқушылардың түнгі уақыттағы қозғалысына ата-аналық бақылау күшейтілсін.
2. Құқықбұзушылықтың және қаңғыбастықтың алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Әлеуметтік желілердегі зиянды ақпараттардың алдын алу мақсатында ата-аналар тарапынан тұрақты ақпараттық бақылау ұйымдастырылсын.
4. Интернет қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстары ай сайын өткізілсін.
5. Әлеуметтік осал топтағы балаларға мектеп тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары жалғастырылсын және бақылауда болсын.
6. Мектеп пен ата-ана арасындағы кері байланыс (жиналыстар, жеке кездесулер, хабарламалар) тұрақты ұйымдастырылсын.

Жиналыс соңында мектеп директоры отбасы – тәрбиенің негізгі тірегі екенін атап өтіп, ата-аналарды мектеппен бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Жиналыс төрағасы: А. Ертаева Қолы: _____
Хатшы: А. Батаева Қолы: _____